

ЖОБА

2021-2023 жылдарға арналған Сарықобда ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2021-2023 жылдарға арналған Сарықобда ауылдық округ бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мына көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 18053,0 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер - 1104,0 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 16 949 мың теңге;

2) шығындар -18053,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0 теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 теңге.

2. Ауылдық округ бюджетінің кірісіне есептелетін болып ескерілсін:

салықтық түсімдер:

жеке табыс салығы;

жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мүлкіне салық ;

жер салығы;

көлік құралдарына салық;

мүлікке салынатын салықтар;

салықтық емес түсімдер;

мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер.

3. Қазақстан Республикасының «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын,

салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 917 теңге теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге;

4. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне берілген субвенция көлемі - 16 949 мың теңге сомасында көзделді.

5. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін:

оның ішінде:

мемлекеттік органның күрделі шығыстарына - 0 мың теңге.

6. "Алға аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет - ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

7. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні